

Д.БАБАТАЙҰЛЫНЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ («ЕСПЕМБЕТ», «ШАШТАРАЗ» ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тулегенова Шынар Исланбекқызы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы

Бұл мақалада Дулат Бабатайұлының «Еспембет» және «Шаштараз» шығармалары туралы айтылған. Д.Бабатайұлы жырау және зар заман ақыны. Былғы жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясында Дулат Бабатайұлының шығармалары ұсынылды. «Еспембет» поэмасы Еспембет атты батырдың қазақ-қалмақ арасындағы шайқастағы ерлігі баяндалады. Поэмада ел үшін туған Еспембеттің өмір жолы баяндалады. Ата-анасынан жастай жетім қалып, нағашысының қолында тәрбиеленген Еспембет есейген сайын туған еліне деген сүйіспеншілігінің, сағынышының артуы, еліне аман-есен келіп, өзінің ер екендігін, батырлығын дәлелдеп шығып, халқының қамқорына, айбарлы батыр дәрежесіне дейінгі ерлік оқиғалары баяндалады. Қазақ жерін қалмақ-қытайдан қорғаған Еспембеттің ер мінезі, азаматтық тұлғасы сомдалады. Бұл шығарма шынайы өмірге барынша жақын, себебі дастанда өмірде болған Ақтамберді, Қабанбай, Матай сынды батырлар да көрсетіледі. Шығарма соңында Еспембет батырдың ерлігімен аяқталатыны көрсетілген.

«Шаштараз» шығармасы тарихтағы Ескендір Зұлқарнай патшаның бойындағы міні – басындағы мүйізі туралы ел арасында таралған оқиғаның негізінде жазылған. Бұл шығармада патшаның басындағы екі мүйізін көрген шаштараздың тағдыры, өмір-тіршілігі суреттеледі. Сөз құдыретінін, тілдің атқарар рөлін көрсету басты мақсат етіп қойған. Көбен көрген нәрсесін, ішіндегі бар толғанысын кең даладағы ойпан жерге айтып, сол айтылған сөзінің патшаның құлағына жетіп, ақыр соңында шаштараздың басын дарға асып өлтірілгендігімен аяқталатыны жайында айтылған.

Негіз сөздер: батыр, ер жүрек, шайқас, патша, шаштараз, халық, ақын.

ИСТОРИЗМ ПРОИЗВЕДЕНИЙ Д.БАБАТАЙУЛЫ (НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ «ЕСПЕМБЕТ», «ШАШТАРАЗ»)

Тулегенова Ш.И. – преподаватель кафедры теории языков и литературы, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

В данной статье идет речь о произведении «Еспембет», «Шаштараз» Дулат Бабатайұлы. Д. Бабатайұлы – писатель горестного времени и сказитель. В этом году на республиканской акции «Одна страна – одна книга» были рекомендованы произведения Д.Бабатайұлы.

В поэме идет речь о Еспембета, его жизни, о том что он родился ради страны. Рано о сиропов воспитывался в руках, у деда, повзрослев любовь к своей родине, вернутся живыми и здоровом, чтобы доказать свое мужество отважу и героизм своему народу все это описывается в данном произведении. Описывается мужество, которое он проявил в защите казахских земель от калмак-китайцов. Это произведение ближе к нашей реальной жизни, так как в поэме присутствуют такие герой (батыр) как Ақтамберди, Қабанбай, Матай. В окончевке произведения завершается подвигом Еспембет батыр.

Произведение «Шаштараз» рассказывает о царе Ескендир Зулқарнай, об его личности распространенном среди народа. В данном произведении также идет речь о судьбе парикмахера увидевшего рога у царя. Главной целью было показать силу слова, роль языка. Рассказывается о том, как кобеи увидев одну вещь, все свое душевное состояние, восприятие рассказам все по его рассказанное дошло и до царя, что и в последствии привело к тому что, бедного парикмахера убили по вешав его.

Ключевые слова: батыр, отважный, битва, кароль, парикмахер, народ, ақын.

HISTORICISM OF DULAT BABATAIULU 'S WORKS (FOUNDING FROM WORKS OF, ESPEMBET' AND 'SHASHTARAZ')

Tulegenova Sh.I. – lecturer, department of theory of languages and literature, Kostanay State University named after A.Baitursynov

This article refers to the works of Dulat Babataiulu 'Espembet' and Shashtaraz'. He is a kazakh poet. This year is devoted to works of Dulat Babataiulu within 'Bir el-bir kitap'.

The poem of 'Espembet' refers to Kazakh hero called Espembet and his courage during the fight between kazakh-kalmak. Also the poem is about Espembet's life and heroism. He was an orphan at an early age that is why he was brought by mother's relatives. But later he wanted go back to his motherland and there he proved his bravery towards his people. Moreover the poem describes his personalities as courage kazakh hero and defender. The poem is more realistic because it includes real characters like Aktanberdi, Kabanbai and Matai. The poem ends with Espembet's bravery.

'The hairdresser' is based on the story about the king Eskendir Zulkainar who had horns in his head. This work shows the hairdresser's life who worked with the king and his troubles. He told the story which he had over lived in his life and that is why the king ordered to kill him. Thus the story ends.

Keywords: hero, courage, fight, the king, a hairdresser, people, poet.

Keywords: batyr, drave, battle, karol, hairdressers, people, akin.

2007 жылдан бастап ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы құрылған болатын. Ең алғаш рет Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» оқылды. Одан кейін М.Әуезовтың «Қилы заман», Ф.Оңғарсынованың «Дауа», С.Мұратбековтың «Жусан иісі» кітаптары оқырмандарға ұсынылып, оқылған болатын.

«Бір ел – бір кітап» акциясының мақсаты - қазақ әдебиетін көпшілікке таныту және қазақстандықтардың оқуға деген қызығушылығын арттыру. Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу. Өткен жылы елімізде І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи романы ұсынылды. І.Есенберлиннің шығармасы бойынша Қазақстанның әр аймағында іс-шаралар ұйымдастырылып, кітапты талқыға салған болатын.... Бұндағы «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» кітаптарындағы кейіпкерлерді талдап, мазмұнының не жайында жазылғанын толық ашып қарастырған болатын.

Міне, биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясына Дулат Бабатайұлының шығармалары ұсынылды. Қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын майталман ақын-жазушылардың шығармаларын жыл сайын оқырмандарға ұсынып, толық танысуға мүмкіндік береді.

Д.Бабатайұлының өмірі жайлы мәлімет өте аз. Халық ақыны Шәкір Әбеневтің ел аузынан жиыстырған мәліметтеріне қарағанда Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Сандықтас өңірінде туып, 1871 жылы дүниеден өткен екен. Д.Бабатайұлы қазақ тарихында шығармаларының шыңшылдығымен, зар заманның қилы тағдырын шынайы суреттеген жырау, ақын ретінде танымыз.

Дулат Бабатайұлы шығармашылығының даралық, суреткерлік шеберлік қырларын сөз еткенде, оның тіл көркемдігін, сөз кестесін нысанаға аламыз. Сол арқылы ақынның алғыр ойын, жүйрік қиялын, талғампаздығы мен шешендігін қатар танытатын тіл көрнекілігін толық түсінеміз. Ақынның сөз қолданысындағы шеберлік қыры, тілдегі бар сөзді орынды пайдаланумен ғана емес, оларды бейнелік құрал ретінде алмастырып, ауыстырып жаңа, тың образдар тудыруынан айқын көрінеді.

Дулат Бабатайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Өсиетнама» 1880 жылы Қазан қаласында жарық көрген.

Тәуелсіздік тұсында ғана Дулат Бабатайұлының шығармашылығы толық жинақталып, ақынның 200 жыл толуы қарсаңында бірнеше еңбектері жарыққа шыққан

Дулат – жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Олай дейтін себебіміз өлең сөз арқылы насихат, дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам жалпы философиялық қозғалысты қозғаса, ал ақындық мектепте поэзиядағы нақтылық, сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге тоқталған. Көркем сөзді халыққа қызмет ететін қару деп ұғынған ақын өз шығармаларында заманының көкейкесті мәселелерін қозғайды. Ол өмір, тіршілік, тұрмыс, қоршаған орта, әлем жөнінде, өзгермелі, құбылмалы, опасыз, алдамшы, жалған дүние турасында толық тебіренеді.

Дулат шығармаларының ішіндегі ең күрделісі «Еспембет» поэмасы. Оның әлеуметтік лирика, дидактикалық поэзияға ғана емес, сюжеттік шығармаларға да шебер екендігі көрсетеді. «Еспембет» - сюжетке құрылған шағын ғана поэма. Оның көркемдік қасиеті де осы шағындығында. Көп сөзге салынбай, поэмада суреттелетін көп оқиғаны аз жолға сыйғызып көрсеткен.

Елін қорғап, ел үшін жауына оқ ататын батыр ұл, елді әділ басқарушылар болса деген арман, тілектерінің сәулесі ретінде «Еспембет» поэмасы туғанға ұқсайды.

Поэманың сюжеті: жетім Еспембет нағашысы Ер Қосайдың үйінде тәрбиеленеді. Есейген соң нағашысының елінде жүруе арланып, ол өзінің туған жеріне кетуге рұқсат сұрайды. Нағашысы Қосайдың ұсынған сыйлықтарынан бас тартып, тек Ақбөрте тайды беруін сұрайды. Нағашы атасы Ер Қосай ақ батасын береді.

Атасының батасын алып, өзінің туған жеріне келгесін, ағайындары ұнатпай, онша елемейді. Арада 3-4 жыл өткеннен кейін, тай Ақбөрте бесті болады. Сол елде болғаннан кейін бәйгеге қосады.

Сол бәйгеден жалғыз өзі озып келеді де, оның бәйгесіне тігілген жүз тайлақты бес Сыбанның ұлына Еспембет бөліп беріп,

Шақырып алып Еспембет
Ақтамберді қолбасын
Бес Сыбанның ұлына
Ортаға салды олжасын.
Жүз тайлақты есептеп
Біреуін де алмады.

Осы жолдардан-ақ өзінің ірілігін, мырзалығын көреміз. Осы оқиғадан кейін көзге түсіп, ауызға ілігеді.

Қаракерей Қабанбай, Байжігіт, Ақтамберді батырлар қалмаққа қарсы жасақ құрып, қол жиғанда, жас жігіт Еспембет те бірге аттанады. Қалмақпен шайқасқан жерде, ұрысқа алты жүз рет кіріп, талайды тұралатқан, тап сол күні жекпе-жекте қазақтан сегіз батырды бір өзі өлтірген қалмақтың батырына Еспембет жалғыз өзі қарсы шығып

Жетіп келіп Еспембет:
- Ақтамберді ер, - деді, -
Мен барамын сіз үшін,
Кезегіңді бер, - деді.
Жас санама, бас сана,
Қайратымды көр, - деді.
Ақтамберді қарт батыр
Қол жайып бата берген.
Тотан шығып жөнелді
Найзаға таққан шоқтай боп,
Ақбөрте кетті құнтыып
Садақтан тартқан оқтай боп,
Қанға сусап қалмақ тұр
Обатұғын оптай боп.
Еспембет келе сөйледі,
Ерлікке сай қайраты,
Қаруға сай амалы:
«Сен – қалмақтың қабаны.
Қарсыңа қалай жіберді
Қазақ саған баланы?
Қазақ сені қорлады,
Баладан төмен санады
Жігерің болса, қайраттан,
Баланы саған балады.
Ағаштан жұлып алмадай
Басыңды бала алады»[1;102],- деп

қалмақтың намысан тиіп, ащы тілімен мұқата білді. Осы сөзден кейін Еспембетке жігерленіп, қалмақты қалайда жеңу керектігін ойластырды. Сол кезде қалмақтың батыры ашуланып, тістеніп, екі ұртына қан толып, шыдай алмай Еспембетпен қылыштасады. Қылыштары жарқ-жұрқ етіп, денелері қанға боялып, екі батырдың жекпе-жектегі ерлігін Қабанбай, Ақтамберді сынды бытырлар жандарын шүберекке түйіп, ел үшін туған ерім деп Еспембетті қолдайды. Иә, күрес үстінде жеңіліс пен жеңіс бар. Біреуі озып шығатыны шындық. Қазақтар мен қалмақтардың арасындағы күресте Еспембет өзінің батырлық ерлігін көрсетіп, қалмақ батырын өлтіріп, атын олжа етеді. Осыдан кейін рухтанған қазақ қолы жөпелдемеде шабуыл жасап, қалмақтарды жеңіп, еліне қайтады. Жасынан-ақ халқының жауына қару жасап қызмет етсем деген тілегі орындалады.

Бет бұрып тізгін тартқан жоқ
Жаудың мың мен санынан.
Өле-өлгенше ел болды
Еспембеттің арманы.
Өзімен бірге жасады
Астындағы тарланы.
Бәрін айт та, бірін айт,
Еспембеттей ер қайда?
Еспембеттей ер туса,
Ер күтетін ел қайда? [1;103], -деп

Еспембеттің «батыр» деген даңққа жетуімен поэма аяқталады.

Қай халықтың болсын адамның адамдық қасиетін көрсететін мінез - өз жері, өз елін сүйу. Келешекте халқына тұлға боларлық батыр Еспембет те жастығына қарамастан аталық сөздер айтып, ақыл, парасатының жоғарылығын аңғартады. Эпостарда батырлыққа тән және бір шарт - өзіне серік

боларлық атты өзі танып, тақымына басуы. Еспембет бұл сыннан да өтеді. Ақбөртеңі ол құлын кезінен танып, көзінен таса қылмаған.

Жігіттің батырлығын айқындайтын – оның ерлігі. Ерлік әр жерде емес, тар жерде көрінеді. «Ер басына күн туып, етегімен су кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» жағдайларда, көпшілік үшін басын бөйгеге тігіп, өліміне бел байлап, қалың қолға жол ашады, жауды жеңуге мұрындық болады.

«Еспембет» поэмасы қалмақ батырының басын алуымен аяқталады. Бұл шығарма арқылы қазақтар мен қалмақтар арасындағы күресті байқаймыз.

Дулат Бабатайұлының екінші бір дастаны «Шаштараз». «Шаштараз» дастанның этикалық-философиялық мән-маңызы, ғибратты тәлімі, өнегелік қырлары ұланғайыр.

«Шаштараз» дастанында: дүниені уысынада ұстаған патшаның басында қос мүйіз болады. Оны жан баласы сезіп қойса, бақыты таяды екен. Патша тәжісін басынан ешқашан түсірмейді. Шашы өсіп, патшаның сиқын кетіреді. Сонда шаһардағы ең епті шаштаразды шақырып алып, сырын ашып айтады. Не сұрасаң бәрін беремін, қолдан келетін көмегін аямайтынын ашық айтады. Үй де, ділда да, жиһаз да, қызметшілеп де, саят құруға құс та, құралайды көзге ататын мерген де, құшағыңа сұлу қыз да беремін деп уәде етеді.

Дүниядә не қажет,
Керегіңнің бәрін ал –
Қызметкер – күң мен құл,
Өлі жиһаз, тірі мал.
Алғыр құс, атқыш мерген бар,
Саясаттап сайран сал.
Ұнатып елден сұлу сүй,
Лебізі тәтті, шәрбәт – бал.
Бірақ саған үш түрлі
Қоятұғын шартым бар»[2;93],- деп былай дейді.

Біріншіден, басымдағы қос мүйізімің барлығын құпия ұстайсың, екіншіден, басқаның шашын қимайсың, үшіншіден, аузыңнан шыққан сөзге ие боласың дейді.

Шаштараз міндетін атқарады. Мүйізді көрген соң, есінен танады, іштей булығып айтқысы келеді. Бірде таң алдында, алакөбеде шаһардан шығып, ең далада етбетінен жатып, көрген-білгенін шыдай алмай ақыры қара жерге сыбырлап қояды.

«Кеше күндіз патшаның
Шашын алып берді, - деп,
Қасиетті басынан
Қос мүйізін көрдім», - деп,
Жерге төсеп ауызын,
Өзінен-өзі күбірлеп,
Мақтан тойын тойлайды
Кеудесінде дүбірлеп.
Мың қайтара айтқанда
Ортайды куде толғаны.
Сілесі қатып ұйықтады,
Естіген адам болмады»[2;95],-.

Ішіндегі бар сырын жерге айтып, жеңілдеп қалғанын сезеді. Бірақ, аузынан шыққан сөзі, топыраққа сіңеді, топыраққа сіңген сөзі жеті жыл жерде сақталып, шаштараз ішіндегі сөзін айтқаннан кейін сауық-сайран салып, айтқан сөзінің жерге сіңіп кеткенін де білмейді. Күндер, айлар, жылдар өтеді. ол байлыққа кеңеліп, молшылықта өмір сүре бастайды. Патшаның ұсынған мол байлығына кеңеліп, өзіне лайықты жар таңдап бақытты ғұмыр кешіп жатады.

Күндердің-күнінде өзен тасып, сырын төккен ойпаң жерге құрақ өсіп, шаштараздың лебізін құрақ судырлап, жел жыбырлап, жалпақ әлемге жайып жібереді. Осы бір мезетте жырау былайша баяндайды:

...Көк құрақ басын иеді,
Жылы леп пен жылмақ жел
Бұраңдатып сүйеді,
Сылдырлатып ән салды..
Дүниеге хабар таралды,
Жел айтқанды ел айтып,
Патшаға хабар барады.
Қамыс айтты, жел айтты,
Ел айтқанда, шын айтты[2;97].

Серт пен сырға осалдық танытқаны үшін, шаштараздың басы алынады. «Ешкімді жамандама, қара жер де жеткізіп қояр» деген аталы сөздің мағынасы мен тағылымына жете түсінбегендігі ақыры түбіне жетеді. Екі елі аузыңа, төр елі қаққа сал деген қазақ мақалы бекерден-бекер айтылмаса керек.

Дулат Бабатайұлының шығармалары қанық та айқын бояумен, өзгеше өрімдерімен, сан құбылған сөз сиқырларымен ерекшеленіп тұрады.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында Дулат Бабатайұлы тұңғыш рет патша өкіметінің орталық езгі саясатының астарын ашып айтып, оның ел ішіндегі «жексұрыны, қанды ауыз ұлық болған, қазақтан шыққан кәпірдің» образын ашық суреттей білген.

Дулат – кестелі тілді, шешен ақын ғана емес, XIX ғасыр басындағы қазақ поэзиясына жаңа форма, соны мазмұн әкелген жаңашыл қаламгер. Ол жазып та, айтып та шығарған.

Жалпы, Дулат Бабатайұлының ақындық мұрасы негізінен осы алуандас жанды, бейнелі образдық жүйесімен, нақышты, кестелі тілімен, терең мағыналылығымен, сыңғыр қаққан келісімімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

1. Қорабай С. Дулат Бабатайұлының шығармалары.- Алматы. Ана тілі, 2013ж.
2. Бабатайұлы Д. «Тұнық тұма» Алматы. Раритет, 2002 ж.
3. Қорабай С., Керімбек Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы, 2005ж.

Литература:

1. Қорабай С. Произведения Дулат Бабатайұлы. Алматы Ана тілі, 2013г.
2. Бабатайұлы Д. «Тұнық тұма» Алматы «Раритет» 2002 г.
3. Қорабай С., Керімбек Ж. История казахский литературы Алматы, 2005г.

References:

1. Korabay S. Dulat Babataiulnin shigarmalari. –Almati. Ana tili, 2013.
2. Babataiuli D. «Tunik numa» Almati, Raritet, 2002 .
3. Korabay S., Kerimbek G. Kazak adebietinin tarihi Almati, 2005.

Автор туралы мәлімет

Тулегенова Шынар Исланбекқызы - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы. Қостанай қ. Абай к., 26 үй, e-mail:Sangik_98@mail.ru

Тулегенова Шынар Исланбековна – преподаватель кафедры теории языков и литературы, КГУ им. А.Байтұрсынова. г.Костанай ул. Абая 26, e-mail:Sangik_98@mail.ru

Tulegenova Sihinar Islanbekovna – teacher of language and literary theory, Kostanay State University named after A.Baitursynov. Kostanay city, 26 Abay St., e-mail:Sangik_98@mail.ru